



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Қазақстан-Американдық еркін университеті 2024 жылдың қараша айында Қазақ әдебиетінің үш көрнекті қайраткерінің (Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин) 130 жылдығына арналған өңірлік жобалар байқауын өткізетіні туралы хабарлайды.

МАҢЫЗДЫ! Байқауға қатысу үшін тек өтінім беріледі. Жобаның презентациясын қатысушылар 2024 жылдың 15 қарашасында жеке ұсынады. Байқау материалдарын қатысушылар бағдарламаға сәйкес байқау өткізілетін күні көрсетеді. Бағдарлама берілген өтінімдерге сәйкес жасалады.

Өтінімдер **2024 жылдың 1 қарашасына дейін** қабылданады. **Бір оқу орнынан тек екі қатысушы қатыса алады!** Байқау тек 9-11 сынып оқушылары, ТЖКБ мекемелерінің немесе ЖОО-лардың 1 курс білім алушылары үшін өткізіледі.

Өтінімді ресімдеу үлгісі

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ҮШ КӨРНЕКТІ ҚАЙРАТКЕРІНІҢ 130 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ЖОБАЛАР БАЙҚАУЫНА ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМ (СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН, ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ, БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН)

1. Оқу орнының толық атауы.
2. Қатысушының аты-жөні, WhatsApp бар ұялы телефон нөмірі.
3. Жетекші туралы деректер: толық аты-жөні, WhatsApp бар ұялы телефон нөмірі, e-mail.
4. Жобаның атауы (Google кестеден).
5. Ұсыну түрі – Презентация немесе бейнеролик.

Бұл өтінім tanya_levina@mail.ru электрондық мекенжайына 2024 жылдың 1 қарашасынан кешіктірілмей жіберілуі тиіс!

Жоба тақырыбын таңдау үшін жетекші төмендегі сілтемеге өтіп,

<https://docs.google.com/spreadsheets/d/1Xc82twLJ8fLBcu3jWD4WLAP5oe912mJQpgomCAs3OP4/edit?usp=sharing>

осы байқауға ұсынылатын тақырыптарды тізімдейтін кестеге қол жеткізеді. Жетекші тақырыпты таңдайды және кестенің екінші бағанына оқу орнының толық атауын енгізеді. *Бұл кестені мобильді құрылғылардан толтыру*

мүмкін емес, деректерді тек стационарлық компьютерден енгізуге болады. Сондай-ақ, Google-аккаунтқа тіркелуіңіз керек (яғни @gmail.com домені бар пошта болуы керек, және кестемен жұмыс кезінде жеке парақта поштаға кіру қажет).

Жобаның презентациясын рәсімдеуге қойылатын талаптар. Жұмыстар Microsoft PowerPoint бағдарламасында (электрондық презентация) ұсынылуы керек. Беттер (слайдтар) саны 10-нан кем емес және 12-ден артық емес. Титул парағы міндетті және ол жұмыстың атауын, автордың және жетекшінің аты-жөнін, оқу орнын, қаланы (елді мекенді), жылды қамтиды. Презентация байқау тақырыбы бойынша аздаған мәтін мен фотосуретті қамтиды. Қазылар алқасы жобаның жалпы логикасын, фотосуреттер мен мәтіннің сапасын, презентацияда ұсынылған автор **мәтінінің бірегейлігін** бағалайды. Сөйлеу уақыты 5 минуттан аспауы тиіс. Сөз сөйлеу уақыты ұзарған сайын әр минут үшін қазылар алқасы бір балдан алып отырады.

Бейнеролик көрсетуге рұқсат беріледі. Бейнероликке қойылатын талап – 5 минуттан аспауы керек!

Қазақ әдебиетінің үш көрнекті қайраткерінің (Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин) 130 жылдығына арналған жобалардың өңірлік байқауын өткізу қорытындысы бойынша бірінші, екінші және үшінші орын беріледі. Жеңімпаздар дипломдармен марапатталады. Дипломда жеңімпазды дайындаған жетекші туралы ақпарат көрсетіледі. Өңірлік байқауға қатысу тегін.

Байқауды ұйымдастыру комитетінің байланыс деректері:

Қазақстан Республикасы, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 76; 112 каб.
Тел. 8 (7232) 50-09-91, 8 (7232) 502-941, e-mail: tanya_levina@mail.ru

Электрондық пошта арқылы жіберілетін хаттардың тақырыптарын «Жоба» деп белгілеуді сұраймыз. Барлық өтінімдер мен баяндамалар **ТЕК ЭЛЕКТРОНДЫҚ ПОШТА АРҚЫЛЫ және tanya_levina@mail.ru мекенжайы бойынша** қабылданады.

Ұйымдастыру комитеті мәлімделген тақырыпқа сәйкес келмеген жағдайда материалдарды қабылдамау құқығын өзіне қалдырады. Осы байқаудың бағдарламасы www.kafu.kz сайтына орналастырылады.

Ұйымдастыру комитеті осы іс-шараны өткізуге өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.